# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 4 шілде № 7527-24-00-2/6821 Алматы қаласы

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Т.Өтепов сот ғимаратында талап арыз бойынша азаматтық істі оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қараған

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар Министрлігінің Апаттар медицинасы орталығы (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Республикалық қауіпсіздік жүйелері орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 20 000 теңге сомасында тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

**ҚАРАР БӨЛІМІ:**
ҚР АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар Министрлігінің Апаттар медицинасы орталығы (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесінің талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Республикалық қауіпсіздік жүйелері орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2024 жылғы 12 наурыздағы № 355 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Республикалық қауіпсіздік жүйелері орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 20 000 (жиырма мың) теңге сомасында тұрақсыздық айыбы және 2 446 (екі мың төрт жүз қырық алты) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 05.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.08.2024, судья Утепов К. Т., 02.10.2024
7527-24-3-1/7761

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін

**Судья** **К.Т.Өтепов**

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 05.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.08.2024, судья Утепов К. Т., 02.10.2024

7527-24-3-1/7761